



Астана қаласы

2023 жылғы 23-24, 26 қазан

Баспасөз хабарламасы

ҚР ОАМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауын өткізеді.

Қазақстандық білім берудің басым міндеттерінің бірі балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін дамыту болып табылады. Ғылыми-техникалық шығармашылықты дамытудың басты мотиваторлары – республикалық ауқымдағы іс-шаралар, оның ішінде «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың байқауы.

Байқаудың мақсаты білім алушыларға ғылым мен техниканың әр түрлі облысындағы, өнертапқыштық, зерттеу жұмыстарына тарту, талантты балаларға қолдау көрсету, тұлғаның шығармашылық құзыреттілігінде бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру.

Байқаудың өңірлік кезеңдеріне 24 645 білім алушы қатысты. Байқаудың республикалық кезеңінде облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының 150 жеңімпаздары автокөліктің қолданыстағы модельдерін әзірлеу, өндіріс, ауыл шаруашылық және жабдықтар, әскери техника, су көлік, жылу энергетикасы, электр энергетикасы, баламалы энергетика, авиация, космонавтика және аэрокосмос техникасы мен зымыран

құрастыру модельдерін әзірлеу саласындағы техникалық құрастыру номинациялары бойынша өз модельдерін ұсынады.

Байқаудың жұмыстарын жоғары оқу орындарының ғалымдары, колледж оқытушылары, білім беру ұйымдарының педагог-практиктері қатарынан кәсіби қазылар алқасы бағалайтын болады.

Бұл Байқау техника саласындағы шығармашылық қызметке қабілетті және бейім балаларды анықтау, кәсіптік бағдарлау және ерте кәсіптік білім беру жүйесін құру мүмкіндіктері мен жағдайларын бағалауға бағытталған, оқушы үшін «үлкен өмірге терезе» ашады, бұл жобалау қызметі процесінде білім алушылар болашақта кәсіби қызметте қолдана алатын негізгі әдістерді игеруге мүмкіндік береді.